**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарын 2012 жылы Зеренді ауданы бойынша егіс жұмыстарын бастаудың және аяқтаудың оңтайлы мерзімдерін айқындау туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 282 қаулысы. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 мамырда № 1-14-183 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімі аппараты басшысының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 641 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - ( Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімі аппараты басшысының 14.06.2013 № 641 хатымен).

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 5 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Заңының 5 бабының 3 тармағының 3 тармақшасына және «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2011 жылғы 10 сәуірдегі № 303 ұсынымына сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарын 2012 жылы Зеренді ауданы бойынша егіс жұмыстарын бастаудың және аяқтаудың оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Е.Маржықпаев*

Зеренді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 282 қаулысына қосымша

## Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарын 2012 жылы Зеренді ауданы бойынша егіс жұмыстарын бастаудың және аяқтаудың оңтайлы мерзімдері

| р/с № | Міндетті сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы | Егіс жұмыстарын бастаудың және аяқтаудың оңтайлы мерзімдері |
|---|---|---|
| 1 | Жаздық бидай | 11 мамырдан 27 мамырға дейін |
| 2 | Арпа | 27 мамырдан 5 маусымға дейін |
| 3 | Сұлы | 27 мамырдан 5 маусымға дейін |
| 4 | Қарақұмық | 25 мамырдан 4 маусымға дейін |
| 5 | Дәнбұршақтылар | 15 мамырдан 27 мамырға дейін |
| 6 | Майлылар | 15 мамырдан 28 мамырға дейін |
| 7 | Картоп | 11 мамырдан 29 мамырға дейін |
| 8 | Көкөністер | 11 мамырдан 16 маусымға дейін |
| 9 | Азықтықтар (бір жылдық шөптер, ағымдағы жылдың көпжылдық шөптері) | 11 мамырдан 17 мамырға дейін |
| 10 | Азықтықтар (шабындық және жайылымдық жерлерді шалғындандыру үшін себілген, ағымдағы жылдың көпжылдық шөптері) | 11 мамырдан 17 мамырға дейін |
| 11 | Сүрлемге жүгері және күнбағыс | 17 мамырдан 25 мамырға дейін |
| 12 | Жабық топырақ көкөністері | 11 маусымнан 15 маусымға дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК